**Мектепалды даярлық 0 «А» тобының тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы**

**Білім беру ұйымы:** «№74 ЖОББМ»КММ
**Топ:** Мектепалды даярлық 0 «А»
**Балалардың жасы:** 5-6 жас
**Жоспардың құрылу кезеңі:**01.09 – 02.09 2022-2023 оқу жылы
(апта күндерін, айды, жылды көрсету)

| **Күн тәртібінің үлгісі** | | | | **Бейсенбі 01.09.** | **Жұма 02.09.** |
|---|---|---|---|---|---|
| 08:30-09:00<br>**Балаларды қабылдау** | Балалармен қарым-қатынасы: отбасы дәстүрлері туралы жеке әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату.Балаларға қолайлы жағдай жасау. Баланың бүгінгі көңіл-күйі туралы әңгіме,баланың жеке пікірін білдіруіне қосыла отырып, оны не қызықтыратыны туралы. Денсаулық мәселелері бойынша ата-аналармен әңгімелесу; консультациялар. | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Ата-аналармен денсаулық мәселелері, балаға үйде күтім жасау, білім алу, даму және жетістіктер туралы әңгімелесу, кеңес беру. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | Топта балалар арасында достық қарым-қатынасты тәрбиелеу.<br>Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындарды ұйымдастыру, үстел үсті ойындары (роботехника құралдары, шашка).<br>Өнер орталығында сурет салу, суретті кітапшаларды бояу,<br>Құрастыру материалдарымен құрастыру ойындары, кітаптарды қарау,<br>Табиғат бұрышындағы еңбек (бөлме өсімдіктеріне күтім жасау)<br>Заттық-кеңістіктік дамытушы ортамен жеке жұмыс | | | | |
| | | | | **Саусақ ойыны : «Әжемнің ертегілері»** Отбасылық фотосуреттерді қарастыру. Жақындары туралы әңгімелеп беру . | **Үстел үсті ойыны – пазл:** «Зәулім үй немесе менің мектебім құрастырамын» Балалармен отбасы,мектеп туралы әңгімелесу. |
| **Таңертеңгі жаттығу** | | | | №1 гимнастика кешені<br>**Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті** | №2 гимнастика кешені<br>**Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті** |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | | | | **«Дос» Суреттер арқылы іс-қимыл көрсету бойынша жұмыстану.**<br>Досың сені қалдырмайды | **1.Т: Күй сандықты ашайық**<br>Б до- до- до<br>**Т: тілдерін біз бастайық**<br>Б: ре - ре - ре<br>**Т: бас дыбысты бастайық**<br>Б: ми - ми - ми<br>**Т.Жайлап әнге салайық** |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | қиынға,<br>Сұрамайды сенен артық бұйым да.<br>Нағыз дос деп осыны айт,<br>Көңілдердің хошын айт! | Б: до - до - до<br>2.Т: Шалқып шығар сонда күй<br>Б: фа - фа - фа<br>**Т: Бәрі до - дан басталар**<br>Б: до- до -до<br>**Т: До -нықоштарбасқалар**<br>Б: До, ре, ми, фа, соль, ля , си, до |
| Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекеттері мен уақыты | | | | | | |
| 09.00-11.30<br>**ҰІӘ** | 09.00-09.25<br>09.35-10.00<br>10.30-10.55<br>11.05-11.30 | | | | **01.09.2022 жыл Бейсенбі** | **02.09.2022жыл Жұма** |
| | | | | | Математика негіздері<br>Сөйлеуді дамыту<br>Музыка | Сауат ашу негіздері<br>Көркем әдебиет<br>Қоршаған ортамен танысу<br>Дене шынықтыру |
| ***«Ас – адамның арқауы» түскі ас.***<br>**10:00-10:30** | | Түскі ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)**<br>Кезекшілік жұмысын ұйымдастыру.Өз орнын тауып отыру. Таза және ұқыпты тамақтануды, қасықты дұрыс ұстауды, тамақтанған кезінде ауызын жауып отырып, асықпай әбден шайнауды үйрету.Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту. | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекеттер** | | | | | | |
| **1-ші ұйымдастырылған іс - әрекеті уақыты:09.00-09.25** | | | | | | |
| **Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ҰІӘ** | | | | | **1. Математика негіздері**<br>**Тақырыбы:** Біреу – көп.<br>**ҰІӘ мақсаты:** Балаларға заттар жиынынан бір затты бөле білуге үйрету.«Біреу» және «көп» («бірнеше») терминдерін енгізу.<br>Есте сақтау, сөйлеу, назар аудару дағдыларын дамыту.<br>Балаларға заттар тобының (жиынының)жалпы қасиетін табуды, қандай да бір қасиеті(«үлкен»,«кішкентай»), тиесілілігі бойынша топқа біріктіруді үйрету. | **1. Сауат ашу негіздері**<br>**Тақырыбы: Дыбыс.**<br>**ҰІӘ мақсаты:** Дыбыс туралы түсіне алады.<br>**Күтілетін нәтиже**:<br>**Дағды**: Сөйлеу барысында дауыс ырғағын сақтап, вербалды емес қарым-қатынас нұсқаударын (ым-ишара, қимыл), сөздерді (кешіріңіз, тыңдаңызшы және т.б.) қолдану<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану |

*1 үзіліс - 09:25 - 09:35*

**Балалардың дербес іс-әрекеті**

Балалардың қызығушылықтары мен білім беру қажеттіліктерін ескере отырып,балалар әрекеті **(ойын , қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, эксперимент, еңбек, балалардың дербес әрекеті, өзіне-өзі қызмет ету**) түрінде іске асырылады.

**Дауыс жаттығулары**

**«До,ре,ми...»**

| | | | |
|---|---|---|---|
| **1.Т: Күй сандықты ашайық**<br>Б до- до- до<br>**Т: тілдерін біз бастайық**<br>Б: ре - ре - ре<br>**Т: бас дыбысты бастайық**<br>Б: ми - ми - ми<br>**Т.Жайлап әнге салайық**<br>Б: до - до - до<br>2. Т:Шалқып шығар<br>сонда күй<br>Б: фа - фа - фа<br>**Т: Бәрі до - дан**<br>**басталар**<br>Б: до- до -до<br>**Т: До –ны қоштар басқалар**<br>Б: До, ре, ми, фа, соль, ля , си, до |  | ***1.Тіліміздің күші көп.***<br>***2. Баспалдақтар***<br><br>1.Тістер біріктірілген, тіл төменгі, одан кейін жоғарғы тістерге күшпен басады.<br>2.Тілдің ұшы кезек - кезек біресе жоғарғы, біресе төменгі тістерге тиеді. | **1.«Тіс щеткасымен ойын»**<br>***2. «Тісті тазалау»***<br><br>**1.«Тіс щеткасымен ойын»**<br>**Ойын шарты:** Балаларға тіс щеткалары таратылады. Щеткаларды бір-бірден алып саусақ ұштарына қойып, үйкелеп массаж жасайды. Бұл ойын балалардың ми дамытады, тілді дамытады, зейіннің тұрақтандырады, қол белсендігін, икемділігін арттырады.<br>***2. «Тісті тазалау»***<br>**Мақсаты**: балаларға тілдің ұшын астыңғы тістердің артында ұстап тұруын үйрету.<br>**Бейнелеуі**: күлімдеп, тістерді көрсету, ауызды ашыңқырап тілдің ұшымен астыңғы тістерді «тазала». Әуелі тілді оңнан солға қарай, содан соң астынан үстіне қарай қозғау керек. |

**2-ші ұйымдастырылған іс - әрекеті уақыты: 09.35 – 10.00**

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | **2. Сөйлеуді дамыту**<br>**Тақырыбы:Кел, танысайық!**<br>**ҮІӘ мақсаты:** Балаларды әңгімені жалғастырып айта алады.<br>**Күтілетін нәтиже**: сөздердің лексикалық мағынасы мен мәнін түсінеді, мағынасы бойынша жақын қарама-қарсы сөздерді сөйлегенде қолданады.<br>**Ойлау деңгейі:** білу, түсіну | **2. Көркем әдебиет**<br>**Тақырыбы:**<br>**Білімің – бұлағың.**<br>**(өлеңмен танысу)**<br>**Ақылбек Шаяхметов**<br>**ҮІӘ мақсаты:** Өлең мазмұны бойынша сұрақтарға жауап бере алады.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану |

*2 үзіліс – 10:00 – 10:30*

**Балалардың дербес іс-әрекеті**

Балалардың қызығушылықтары мен білім беру қажеттіліктерін ескере отырып,балалар әрекеті **(ойын , қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, эксперимент, еңбек, балалардың дербес әрекеті, өзіне-өзі қызмет ету**) түрінде іске асырылады.

| Жүгіруге арналған ойындар «Өз үйіңді тап» | | |
|---|---|---|
|   |      | **«Өз үйіңді тап»**<br>**Мақсаты:** Түстерді ажырата білуге үйрету.<br>Әр үйшіктің өзі түсіне тән жапырақшаларын шапшаң тауып кіргізе білу қабілеттерін жетілдіру.<br>Алғырлыққа, ептілікке тәрбиелеу.<br>**Көрнекі құралдар:** Әртүрлі түсті үйшіктер (қызыл, сары, жасыл т.б.). Үйшіктің түстеріне байланысты жапырақшалар. |

| 3-ші ұйымдастырылған іс-әрекеті уақыты: 10.30 – 10.55 | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | **3. Музыка**<br>**Тақырыбы:**<br>**Білімің-бұлағың.**<br>**ҰІӘ мақсаты:** Музыка сипатына сәйкес ойын әрекеттерін орындау: музыкалық тіркестерге сәйкес қимылдарды өзгертіп орындай алады. | **3. Қоршаған ортамен таныстыру**<br>**Тақырыбы: Заттардың адам өміріндегі маңызы. Не неден жасалады?**<br>**ҰІӘ мақсаты:**<br>Заттардың адам өміріндегі маңызы. Не неден жасалады? Заттардың адам |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | Домбырада орындалатын күй жанрымен таныстыру, күйші-композитор Дәулеткерей шығармашылығымен таныстыру. Әннің сипатын қабылдау, дауысын дұрыс келтіріп орындау, ырғақтық бейнесі мен динамикасын дәл беру, әннің кіріспесін, басын, қайырмасын ажырата алады.<br>**Күтілетін нәтиже**:<br>**Дағды**: Музыкаға қосылып, оның сипатына сәйкес ырғақты, мәнерлі қозғалыстар орындау.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану,түсініктерге ие. | өміріндегі маңызын түсіну; заттардың неден жасалғанын анықтай алады.<br>Балаларға заттардың белгілері мен ерекшеліктері туралы білімберу.Қандай материалдан заттардың жасалатыны, және олардың сапасы жайлы түсініктеріне ие.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану |

***3 үзіліс – 10:55 – 11:05***

**Балалардың дербес іс-әрекеті**

**Секіруге арналған ойындар «Қояндар мен қасқыр»**

| | | |
|---|---|---|
| ***Тіл ұстарту жаттығулары***<br>**Күз туралы**<br>Үз – үз – үз,<br>Жаңбырлы Күз.<br>Рақ – рақ – рақ,<br>Саулайды жапырақ.<br>Ел – ел – ел,<br>Соғадыжел.<br>Іс – іс – іс,<br>Піседіжеміс.<br>Дай – дай – дай,<br>Жинаймызбидай. |  | **Секіруге арналған ойын:**<br>**«Қояндар мен қасқыр»**<br>**Мақсаты:**<br>Балаларды алғырлыққа, қырағылыққа, татулыққа тәрбиелеу. Ептілік қасиеттерін арттыру. Денсаулықтарын шынықтыру.<br>**Ойынның шарты:** Бір бала қасқыр болады қалған балалар қояндар болады. Қояндар өз үйлерінде тығылып жатады, ал қасқыр өзінің апанында жатады. Тәрбиеші:<br>- Секеңдеңдер қояндар,<br>Жүгіріңдер жортыңдар- деген кезде Қояндар үйлерінен шығып секеңдеп ойнайды. Осы кезде қасқыр апанынан шығып қояндарды қуа жөнеледі. Ұстап алған қояндарды апанына апарады. Осылай 3-4 қоянды ұстағаннан кейін ойынды басқа бала жалғастырады.<br>Ойын 2-3 рет ойналады. |

**4-ші ұйымдастырылған іс - әрекеті уақыты: 11.05 – 11.30**

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | **4. Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы: Спортзал.**<br>**ҰІӘ мақсаты:**<br>а) Допты алдыға, жоғары |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | лақтырып, оны қайтадан қағып алуды үйрету.<br>Заттарды аттап жүрген кезде дене бітімін дұрыс ұстап, тепе-теңдік сақтап жүруді біледі.<br>ә) Жүгіру барысында қол мен аяқты үйлестіріп бір тізбекпен жүгіру және жүруге жаттықтыру. Бір орындарында бұрылып секіре білу шеберліктерін (машықтарын) бекіту, екі аяқтарымен серпіліп секіре білу дағдыларын меңгере білді.<br>б) Кеңістікте бағдарлай білу және күш секілді дене қабілеттерін дамыту арқылы спортқа деген қызығушылықтарын дамыту және ұйымшылдыққа тәрбиелеу барысында меңгере білді.<br>**Күтілетін нәтиже**: Жүру мен жүгірудің негізгі түрлерін орындап, оларды алмастырды, қарапайым дене жаттығулары-мен алмастырады<br>**Ойлау деңгейі:** білу, қолдану.<br>**Әдіс-тәсілдері**:<br>Түрлі қозғалмалы ойын түрлері |
| ***4 үзіліс – 11:30 – 12:30***<br>**Балалардың дербес іс-әрекеті**<br>**Кеңістікті бағдарлауға арналған ойындар**<br>**«Доңгелекті лақтыру»** | | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
|    | | | | **Кеңістікті бағдарлауға арналған ойын:**<br>**«Дөңгелекті лақтыру»**<br>**Мақсаты:** Балаларды белгіленген бағыты көздей білуге,ептілікке,шапшаңдыққа үйрету.<br>***Ойынның шарты:*** Ойын дөңгелектерді көздеп лақтырудан тұрады,доңгелектің диаметрі 15-20см. Ал таяқшаның ұзындығы 30-40см. Балалар қатарға түрып 1,5-2метр ара қашықтықта дөңгелектерді таяқшаға дәлдеп лақтырып кіргізу керек.Балалар ойынды бірін кейін бірі жалғастырып ойнай береді. | |
| **Серуенге дайындық** | | | | Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету. | Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету. |
| **«Табиғат аясында»**<br>**Серуен. Танысу, ойындар, еңбек.**<br>**«Алақай,ойын!»**<br>**11.30 – 12:10** | | | | **Қыркүйек**<br>**Серуен кешені №1**<br>**Қайың ағашын бақылау**<br>***Мақсаты:***<br>- күзгі қайың ағашын бақылауды жалғастыру;<br>-қайың ағашының басқа ағаштардан айырмашылығы мен ұқсастығын табуға үйрету<br>***Бақылау барысы:***<br>***Көркем сөз***<br>*Сырғалы қайың, ақ қайың.*<br>*Сырыңды сенің жаттайын.*<br>*Өсе берші жайқалып,*<br>*Мен ерінбей баптайын.*<br>**Балаларға сұрақтар:**<br>-күзде ағаштар қандай өзгерістерге ұшырайды?<br>-олардың жапырақтары неге сарғаяды?<br>-ең алғаш қай ағаштың жапырағы сарғаяды?<br>-ағаштардың өндірісте қандай пайдасы бар?<br>Зерттеу жұмысы:<br>қайың ағашының жапырағы мен басқа ағаштардың жапырақтарын салыстыру, айырмашылықтарын табу.<br>**Еңбек:** | **Қыркүйек**<br>**Серуен кешені №2**<br>**Өрмекшіні бақылау**<br>***Мақсаты:***<br>-өрмекшінің өмірі мен сыртқы бейнесінің ерекшеліктері туралы білімдерін молайтуды жалғастыру;<br>-айнала қоршаған ортаға қызығушылықтарын арттыру.<br>***Бақылау барысы:***<br>***Көркем сөз***<br>*Сенде айтшы өрмекші,*<br>*Неше аяқ, неше қол?*<br>*Жауап берші өрмекші*<br>*Неше аяқ, неше қол?*<br>*Табандарым жолға тисе,*<br>*Зымырайды аяқтай.*<br>*Табандарым өрмек тоқиды*<br>*Қолдармен өрнек салғандай,*<br>*Шіркейлерді ұстағанда,*<br>*Аяқтарым пышақтай.*<br>*Егер шыбын кездессе,*<br>*Қағып алам ұзатпай!*<br>***Тәрбиеші сұрақтары:***<br>♦ Өрмекшілердің қандай пайдасы бар? (шыбын-шіркей, құрт-құмырсқаларды жейді)<br>♦ Өрмекші жәндіктерді қалай аулайды? *(оларға өрмек құрады.)*<br>♦ Өрмекші өрмектерін жиі |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | Гүлзарлардағы солған гүлдер дәнін жинау<br>**Мақсаты:**<br>**үлкендерге көмектесу, келесі көктемге гүл дәндерін әзірлеу.**<br>**Қимылды ойын: «Допты ұста»**<br>***Мақсаты:***<br>**қағып алуға және келесіге беруге үйрету.**<br>**Жаттығу ойындары:**<br>***Мақсаты:***<br>**қашықтан келген допты тез қағып алуға үйрету**<br>**Мақал-мәтелдер:**<br>1.Қалың ну халық саулығы. Көк орман –Отан байлығы.<br>2.Орман-ел дәулеті, жер сәулеті.<br>3.Бір тал кессең, он тал ек.<br>4.Ағаштың да ағайыны бар.<br>5.Жалғыз ағаш орман болмас.<br>6.Ағаштың ажалы балтадан. | құра ма? *(желмен, жаңбырмен тез бүлінеді, сондықтан күнде құрады.)*<br>♦ Өрмекшілер жыртқыштар ма? *(Иә, олар басқа жәндіктерді жейді)*<br>***Зерттеу жұмысы****: Өрмекші торын тауып, қарау.*<br>***Еңбек:*** *«Бархат» гүлдерін аударып, ыдысқыорналастыру*<br>*Мақсаты: гүлдерге деген қамқорлыққа, әсемдікке тәрбиелеу*<br>***Қ/О****: «Үнсіз өт»*<br>*Мақсаты: Жәй, нық, денені түзу ұстап жүруге жаттықтыру*<br>***Жаттығу ойындары***<br>*Қимылдарын дамыту*<br>***Мақсаты:***<br>*гимнастикалық бөрене үстімен жүру, тепе-теңдікті сақтау.*<br>**Халық болжамы: Өрмекші бұрышқа тығылса жел болады.** |
| **Балаларды үйге қайтару. Уақыты: 12.30 – 13.10** | | | | | |
| **«Сау бол, мектеп!»**<br>**Ата-аналар мен әңгімелесу.**<br>**Балаларды үйге қайтару.**<br>**12:30-12:40** | | | | ***Ата –аналарға кеңес***<br>- үйдегі жағдайда баланың өзіне - өзі қызмет етудің алғы шарттарына үйрете беріңіз: жуыну, қолын сүрту, шешіну, өз бетімен тамақтану, тамақ ішкенде қасықты пайдалану, горшокқа сұрану. Киімдері міндетті түрде өзіне ыңғайлы болуы шарт: шалбар не болмаса шорты замоксыз, белдеушесіз. | ***Ата –аналарға кеңес***<br>Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейірімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз. |

**Мектепалды даярлық 0 «А» сыныбының тәрбиешісі:**